

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«АТЫРАУ МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



«Бекітемін»
Академиялық сұрақтар жөніндегі
проректор
Т.ғ.к., профессор Кушеков А.У.
03 2019ж.

Элективті пәндер каталогы
(таңдау компоненті бойынша)
5В 050800 - «Есеп және аудит»
(шифры) (мамандық атауы)

2018-2019 оқу жылына

ОӘБ келісілді Ja т.ғ.к., профессор Зайдемова Ж.К.

« 28 » 03 2019 ж.

Элективті пәндер каталогы Атырау мұнай және газ университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде ұсынылған (хаттама № _____ «_____» _____ 2018ж.) Атырау, АтМГУ, 2018 – 34бет.

Каталог элективті пәндер (таңдау компоненті) тізімінен және мамандық бойынша бағдарламалардың қысқаша курсынан тұрады. Элективті пәндер каталогы АтМГУ оқытушыларына және студенттеріне арналған.

СТУДЕНТКЕ ЕСКЕРТПЕ

Құрметті 5В 050800 «Есеп және аудит» мамандығының студенттері!

Кредиттік оқыту жүйесінде мамандықтың оқу-әдістемелік кешенінің міндетті элементі болып таңдау компонентіне енетін пәндер тізімін ұсынатын элективтік пәндер каталогы саналады. Каталог бакалаврлардың білім алу траекториясын өзбетінше, икемді және жан-жақты анықтауына мүмкіндік тудыру мақсатында Университетпен жасақталады. Каталог мамандықтардың және кәсіби қызметтер түрлерінің барлық профилін қамтитын пәндердің мүмкін болатын ауқымын қамтиды. Ұсынылып отырған элективтік пәндер каталогы жалпыға білім беру стандартымен анықталған кәсіби құзіреттерді толық дәрежеде игеруге мүмкіндік беретін пәндер тізімін қамтиды.

Оқытудың кредитті технологиясы кезінде барлық оқу пәндері 3 циклға бөлінеді – Жалпы білім беру (ЖББ), Базалық (БП) және Кәсіби (Профильденген) (КП). Бұл циклдардың әрқайсысының ішіндегі оқу пәндері 2 түрге бөлінеді – Міндетті компонент және Таңдау бойынша компонент (элективтік, яғни таңдамалы оқу пәндері).

Міндетті компонент пәндері мамандық бойынша білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен бекітілген және берілген мамандықтың барлық студенттерімен оқытылады.

Элективтік оқу пәндері Сіздерге оқу үшін ұсынылады. Элективтік оқу пәндерінің тізбесінен сіздер өздеріңізге қызықтыларың таңдап алуларыңызға болады. Сонымен, Сіздің жеке оқу жоспарыңыз оқу пәндерінің әр циклы бойынша өзіне 2 бөлімді қосады: Міндетті компонент және Таңдау бойынша компонент (элективті оқу пәндері).

Өз білім алу бағдарламасын құрастыру үшін, бакалавр жұмысшы оқу жоспарына сәйкес міндетті компоненттің барлық пәндерін игеруі қажет, сондай-ақ оқып үйрену үшін ұсынылған таңдау компоненті бойынша пәндерді таңдауы қажет. Осы орайда, элективті пәндерді таңдау академиялық өзара байланыс логикасымен, пәндер кезектілігін сақтай отырып жүзеге асырылуы қажет.

Жалпыға білім беру пәндер циклі өзгеріп тұратын еңбек және технология нарығына бейімделген, командада жұмыс жасай алатын, кең ауқымды негізгі білімі бар жаңа формация мамандарын даярлауға ықпал етеді. Базалық пәндер циклы болашақ бакалаврларда сәйкес мамандық бойынша фундаменталды білім қалыптастыруға бағытталған. Кәсіби пәндер циклі кәсіби қызметтің нақты сферасында қолданылатын арнайы білім, біліктілік, машық пен құзіреттер тізімін анықтайды.

Бакалаврдың білім алу траекториясының неғұрлым ойластырылған және біртұтас болуынан болашақ маманның кәсіби дайындалу деңгейі тікелей байланысты екенін есте ұстаған жөн.

Өздеріңіздің жеке оқу жоспарларыңызға қосу үшін элективті оқу пәндерінің Каталогы көмегімен қалай таңдау қажет?

1. Тізімнен өзіңіздің курсыңыз бен оқу семестріңізді тауып алыңыз.
2. Типтік оқу жоспарымен элективті оқу пәндеріне барлығы қанша кредит бөлінетінін біліңіз.
3. Элективті оқу пәнінің тізімімен танысыңыз. Оқу пәндері сәйкес нөмірімен таңдау бойынша курстарға біріктірілгендігіне көңіліңізді аударыңыз. Элективті пәндердің әр тобынан тек қана бір элективті оқу пәндерін таңдауға болады.
4. Сіздерді қызықтырған элективті оқу пәндерінің түсініктемелерін оқыңыз және өзіңіздің таңдауыңызды жасаңыз.
5. Сідердің таңдаған кредит саны Типтік оқу бағдарламасы бойынша талап етілген санға сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
6. Сіздерге элективті оқу пәндерін таңдауға көмекті сіздің эдвайзеріңіз жүзеге асырады.

Сәттілік тілейміз!

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР

Пәндер циклі (ЖБП, КП, БП)	Пәндер коды	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Семестр
Жалпы модульдер				
Әлеуметтік-этикалық күзiрет модулі				
		Таңдау курсы 1		
ЖБП	RORB1103	Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері	3	2
		Таңдау курсы 2		
ЖБП	OPAD2104	Құқық негіздері және жемқорлыққа қарсы қызмет	5	3
IT және бизнесті басқару модулі				
		Таңдау курсы 1		
БП	CT1203	Сандық технология	5	2
		Таңдау курсы 2		
ПП	ISBUA 4301 POBU 4301	Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер / Бухгалтерлік есепті бағдарламалық камсыздандыру	6	7
«Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» модулі				
		Таңдау курсы 1		
ЖБП	EUR 2108	Экология және тұрақты даму	3	3
		Таңдау курсы 2		
БП	OT 3205	Салалар бойынша еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	5	6
Пәнаралық модуль				
		Таңдау курсы 1		
БП	OBUN S 3211 OBUSU 3211	Мұнайгаз саласындағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері / Қызмет көрсету саласындағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері	6	6
		Таңдау курсы 2		
БП	ByoUO 3212 BUO 3212	Бюджеттік есеп және есептілік / Банктік есеп және есептілік	5	6
		Таңдау курсы 3		
БП	GRE 2213 UEK 2213	Экономиканы мемлекеттік реттеу/ Қазақстан экономикасын басқару	5	3
		Таңдау курсы 4		
БП	Sta 2214 PC 2214	Статистика/Практикалық статистика	3	4
		Таңдау курсы 5		
БП	Mar 2215 MPD2215	Маркетинг/Кәсіпкерлік қызметтегі маркетинг	3	4
		Таңдау курсы 6		
БП	NiNO 1216	Салық және салық салу/	6	2

	NK 1214	Корпорация салықтары		
Жалпы кәсіби күзiреттi қалыптастыру модулі				
		Таңдау курсы 1		
БП	CDiNGO 2217 CP 2217	Сақтандыру ісі және мұнайгаз саласындағы сақтандыру/ Кәсіпкерліктегі сақтандыру	5	5
		Таңдау курсы 2		
БП	FRP 1218 DKB 1218	Қаржылық нарықтар және делдалдар/Ақша, несие, банктер	3	2
		Таңдау курсы 3		
БП	FM 4219 PM 4219	Қаржылық менеджмент/Тәжірибелікменеджмент	6	7
		Таңдау курсы 4		
БП	EP 3220 EP red 3220	Кәсіпорын экономикасы /Кәсіпкерлік экономикасы	5	5
		Таңдау курсы 5		
БП	Pre 3221 OPUB 3221	Кәсіпкерлік /Кәсіпкерліктің негіздері және бизнесті басқару	3	6
Бағалану-талдамалық күзiретiнiң модулі				
		Таңдау курсы 1		
БП	BP 4222 B 4222	Бизнесті жоспарлау /Бюджеттендіру	6	7
		Таңдау курсы 2		
БП	EA 3223 FUA 3223	Экономикалық талдау/ Қаржылық және басқарушылық талдау	5	6
		Таңдау курсы 3		
БП	BDOBU 3224 FBI 3224	Банк ісі және банк есебінің негіздері / Қор биржасы және инфрақұрылым	6	5
		Таңдау курсы 15		
Кәсіби пәндер циклі (КП)				
		Таңдау курсы 1		
ПП	NUO 4304 SUO 4304	Салық есебі және есептілік / Статистикалық есеп және есептілік	6	7
		Таңдау курсы 2		
ПП	OA 3305 UFA 3305	Аудит негіздері / Тереңдетілген қаржылық аудит	6	5
		Таңдау курсы 3		
ПП	FU II 3306 MSFO 3306	Қаржылық есеп 2 / Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (КЕХС)	5	5
		Таңдау курсы 4		
ПП	UU-II 4307 PU 4307	Басқару есебі 2 / Өндірістік есеп	6	7
		Таңдау курсы 5		
ПП	PA 4308/ FAP 4308	Практикалық аудит аудит / Кәсіпкерліктегі қаржылық аудит	6	8
		Таңдау курсы 6		
ПП	AFO MSFO 4309/ AFOP 4309	Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (КЕХС) бойынша қаржылық есептілікті талдау / Кәсіпкерліктегі қаржылық есептілікті талдау	6	8

Жалпы модульдер Әлеуметтік-этикалық күзiрет модулі

Таңдау курсы 1

Дінтану және діни қауіпсіздік негіздері 3 - кредит

Алдығы деректер: Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы

Соңғы деректер: Құқық негіздері және жемқорлыққа қарсы қызмет

Мақсаты: пәнінің оқытылуының негізгі мақсаты діннің жүйелі құрылымы туралы ғылыми өзгешелігінің әлеуметтік-мәдени феномені болып табылады; діни мәдениеттің ортақ түсінігі мен орнын қалыптастыру; діни дәстүрлерді топтастыру; діни құрылымды ұйғару; діни оқу, культ, этика және эсхатология түрлі діни , сонымен бірге қазіргі жаңа діни қозғалыстарды салыстырмалы саралау.

дінтану және діни қауіпсіздік негізі

Курстың қысқаша мазмұны: Діннің мәні. Діннің пайда болуы және оның бұрынғы формалары Ұлттық дін: ежелгі Шығыс діні. Ұлттық дін: ежелгі Европа діндері, иудаизм. Индия діндері. Дүниежүзілік діндер: буддизм, христиан, ислам діндері. қазіргі заманғы діндер және саясаттағы конфессионалды фактор.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс: адам өміріндегі рухани діни спецификаны теңестіру; нақты діннің тарихын және пайда болуын; діни сенімнің ерекшелігін, құрылымы мен мазмұнын; культ тәжірибесінің мағынасын, атқаратын қызметтерін және негізгі көріністерін; басты діни-этикалық доктринаны теологиялық және табиғат пен діннің ғылыми көзқарастарын, оның негізгі атқаратын қызметтерін, ролін қоғамдық дамуды және дүниежүзілік мәдениеттің көрінісін туралы оқытылады; сенім негіздерін, культ және діни ұйымның ұлттық және дүниежүзілік діннің өзгешеліктерін, оның негізгі ағымдарын және неокульт жүйесінің таралуын; дін мен габриелмен, өнермен, саясатпен, құқықпен байланысын.

б) студент қолдана білу керек Студент діни сенімнің өзгешелігінің психологиясын және адам қоғамының кәсіби қызметін білу керек; діни оқу элементінің негізін немесе өзге діни бағыттың бағдарлауын, қатынастың үйлесімді және жауапты стратегияның сенушілердің, сондай-ақ сектанттық құрбандарының әсерін; адамның тәртібінің оның діни бағдарлауына және кәсіби адами болмысын болжау; типологиялық діни өлшемдерін негіздеу.

в) студент игеруі керек. Танымның әдістерін және діннің салыстырмалы мінездемесін; зейінмен түсіну және дінтануды ақпаратта негіздеу; ұйымдық-басқару дағдылармен кәсіби және әлеуметтік қызметте, көпұлтты және көпконфессиялық қоғамның шарттарын; әрекеттестіктің және ынтымақтастықтың шамаларымен, толеранттылықпен; әлеуметтік ұтқұрлықпен әртүрлі діни өкілдерімен тілдесуі; ғылыми ойлау мәдениетімен, саралау және деректің, дінтанудың қағидаларымен жағдайының синтезі халықтың әртүрлі санаттарын білу.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Пәнді оқып үйренудің нәтижесінде студенттер гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық негізгі қағидаға және әдісті ала отырып кәсіби философиялық тұрғыда дінді түсіну; - әлеуметтік басым бөлігінің мәселелерін және үрдісін сараптай білу, дінтану және діни қауіпсіздік негіздерінің

Таңдау курсы 2

Құқық негіздері және жемқорлыққа қарсы қызмет - 5 кредит

Алдығы деректер: Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы, дінтану және діни қауіпсіздік негіздері

Соңғы деректер: Философия

Мақсаты: Қазақстан Республикасында құқықтық мемлекеттілікті жетілдіру үшін қажетті жағдайлар жасау; Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тәжірибесінің құқықтық негіздерінің мазмұны туралы нақты білім қалыптастыру.

Курстың қысқаша мазмұны: Қазақстан Республикасының еңбек құқығы және әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңы. Еңбек құқығы туралы түсінік пен тақырып. Еңбек құқығы әдісі. Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының қағидааттары. Еңбек даулары. Жауапкершілік.

Кепілдік және өтемақы. Еңбекті қорғау. Әлеуметтік қамсыздандыру туралы заңның негіздері. сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің құқықтық негізі; принциптері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі ұлттық стратегия; құқық қорғау органдарының лауазымды тұлғалар мен басқа тұлғалардың қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қылмыстық және қылмыстық-құқықтық құралдары; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және т.б.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқу барысында студент білуі тиіс: қарым-қатынастарды құқықтық реттеу туралы тақырыпты, ұғымдарды, негізгі көздерді, тақырыпты және шектеулерді зерделеу; интерактивті ортада өмір сүру;

б) студент қолдана білуі керек. Пәнді оқу нәтижесінде қоғамның өміріндегі мемлекет пен құқық рөлін түсіну; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ұйымдастырушысы ретінде әрекет ету; сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық нормаларды дұрыс қолдану

в) студент игеруі керек. Ұлттық заңнама саласында ғылыми және әдістемелік ақпаратты алу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарды жүргізу дағдылары

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Курстың теориялық сұрақтары бойынша алынған білімді семинарлардың көмегімен біріктіру; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте кездесетін проблемалар және оларды жеңу жолдары туралы заңнамасы.

IT және бизнесті басқару модулі

Таңдау курсы 1

Сандық технология – 5 кредит

Алдыңғы деректер: Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар

Соңғы деректер: Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер

Мақсаты: пәнінің мақсаты студенттерді программалық жабдықтарды жасау барысында қажет болатын программалық жүйелерді талдау, жобалау, жүзеге асыру және тестілеу әдістерімен таныстыру, сондай-ақ оларды қазіргі бар, қолданылып жүрген ұстанымдар мен технологиялармен таныстыру болып табылады. Бұл туралы теориялық мәліметтер дәріс сабақтарында қарастырылады. Ал зертханалық сабақтарда, объектіге бағдарланған программалау негіздері туралы білімдерін C++Builder ортасында жұмыс жасай отырып жалғастырады.

Курстың қысқаша мазмұны:

Бағдарламалау технологиялары. Негізгі түсініктер және принциптер. Бағдарламалау технологияларын жасақтау кезеңдері. Модульдік бағдарламалау. Ақпараттық қамсыздандырудың технологиялық анықтамасы. Бағдарламалық қамсыздандыруды жасақтауда қолданылатын негізгі әдістер. Функционалды талаптар, эксплуатациялық талаптар, бағдарламалық қамсыздандыруды жасақтаудың қажеттілігі мен өнімділігін негіздеу. Спецификация. Талдау кезеңдерін модельдеу және спецификациялау. Бағдарламалық қамсыздандырудың ерекшеліктері және нысанды-бағытталған әдіске қойылатын талаптар. Нысанды-бағытталған бағдарлама. Абстракция. Инкапсуляция. Иерархия. Құрылымдық диаграммалар.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс:

- Ішкі операторларды, кіріктірілген функцияларды;
- программаны қамтамасыз етуді жобалау тәсілдерін;
- динамикалық құрылымдарды;
- программалау технологиясы негіздерін;
- программалық қамтамасыз етуді жобалау тәсілдерін.

б) студент қолдана білуі керек. Теориялық материалды меңгеру нәтижесінде студент қолдана білуі керек. Программалау синтаксисін және стилін, программалаудың сапа көрсеткіштерін, программаны сынау мен қалыптасытыру тәсілдерін, программалаудың объектілі бағытталған негіздерін, жады кластарын, адрестеу мен жадыны ұйымдастыруды қолдану

в) студент игеруі керек. Пәнді оқу нәтижесінде студент игеруі керек. Адрестеу мен жадыны ұйымдастыруды құру, көрсеткіштерді қолданып программа құру және C++ тілінің программалау ерекшеліктерін пайдалануды үйренеді.

г) құзырет. Пәнді оқу нәтижесінде студент сай болуы керек. Пакеттерді құру толықтырылуы және кеңейтілуінің әдістерін үйрену тиіс.

Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі» модулі

Таңдау курсы 1

Экология және тұрақты даму- 3 кредит

Алдыңғы деректер: Экологияның мектептегі курсы

Соңғы деректер: Салалар бойынша еңбекті және қоршаған ортаны қорғау

Мақсаты: студенттерде адам- табиғаттың бір бөлігі ретіндегі көзқарастың қалыптасуына ықпал ету

Курстың қысқаша мазмұны: Экологияның пәні мен міндеттері. Экологияның даму тарихы. Қазіргі заманғы экологияның дамуы,. Ортаның экологиялық факторы. Бірлестіктер экологиясы. Экологиялық жүйелер. Табиғаттағы заттардың айналымы. Қоршаған орта мониторингі. Қалыпты даму түсінігі. Концепция. Принциптер. Стратегиялар.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқу барысында студент білуі тиіс: организмдердің өзара қатынасының типтерін, экожүйедегі орта факторларымен байланысын, организмдердің қоршаған ортаға әсерін, қоршаған ортаны антропогенді ықпалдан қорғау шараларын, сондай ақ қалыпты дамудың принциптерін білуі қажет.

б) студент қолдана білуі керек. Пәнді оқу нәтижесінде биосфера жөнінде, адамның табиғаттағы рөлін анықтай білуі қажет

в) студент игеруі керек. Организмдердің өзара қатынасының типтерін, экожүйедегі орта факторларымен байланысын, организмдердің қоршаған ортаға әсерін, қоршаған ортаны антропогенді ықпалдан қорғау шаралары

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Экология мен қалыпты даму аясында қызырлы болуы қажет

Таңдау курсы 2

Салалар бойынша еңбекті және қоршаған ортаны қорғау -5 кредит

Алдыңғы деректер: Экология және тұрақты даму

Соңғы деректер: Кәсіпкерлік негіздері және бизнесті басқару

Мақсаты: Мемлекеттің еңбек қорғау жөніндегі саясатын іске асыратын мамандарды дайындау, мамандарды дайындау.

Курстың қысқаша мазмұны: ҚР «Еңбек кодексі». Еңбек қауіпсіздігі стандарттар жүйесі. Өндірістегі еңбек қорғауды бақылау жолдары. Еңбек қорғау заңдылықтарын бұзғаны үшін жауапкершілік. Өндірістік жарақаттануды сараптау әдістері. кәсіби аурулар себептері. Өндірі орындарын желдету әдістері. желдетуді есептеу тәсілдері. Өрт қауіпсіздігі негіздері. Автоматты өрт сөндіру құрылғылары. иу мен дірілдің, ультрадыбыстың адам ағзасына әсері.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Еңбекті қорғаудың заңдылықтарын, қауіпсіздік техникасын, мемлекеттік стандарттар жүйесімен жұмыс істеуді.

б) студент қолдана білу керек. Өндірістегі еңбек қорғаудың теориялық, заңдылық және нормативті техникалық негіздерін;

в) студент игеруі керек. Өндірістік авариялар мен төтенше жағдайлардың өрбу үрдістерін және олардың алдын алу шараларын.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Еңбек қорғаудың теориялық, заңдылық және нормативті- техникалық негіздеріне байланысты сұрақтарды шешуде

Пәнаралық модуль

Таңдау курсы 1

Мұнайгаз саласындағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері -6 кредит

Ү АтМГУ 703-24-17 Элективті пәндер каталогы. Бірінші басылым.

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1, қаржылық есеп 2

Соңғы деректер: Қаржылық есеп және есептілік, Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер, Бухгалтерлік есепті бағдарламалық қамсыздандыру

Мақсаты: Мұнай-газ кәсіпорнындағы бухгалтерлік есептің нақты аспектілерін қарастыру

Курстың қысқаша мазмұны: Мұнай-газ саласы - Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің саласы ретінде. Мұнай-газ компанияларының қызметін нормативтік реттеу және мұнай-газ операцияларын есепке алу. Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің есебі. Түгендеу есебі. Мұнай-газ саласындағы есеп пен есептің ерекшеліктері. Мұнай-газ саласындағы кірістер мен шығыстар. Мұнай-газ компанияларындағы бухгалтерлік есептің жалпы ерекшеліктері.

Құнсыздандуды есепке алу ерекшеліктері. Мұнай өндірісінің есебі. Жоғары сатыдағы бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. Барлау және бағалау кезеңіндегі бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. Даму кезеңіндегі бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. Дайын өнім мен нәтижелерді есепке алу ерекшеліктері. Келісімшарттық есепке алудың мұнай-газ компаниясының есебіне әсері. Табыс салығын есепке алу.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқу нәтижесінде студент саланың негізгі мақсаттары мен міндеттерін, саланың құрылымын, мұнай-газ саласында орын алатын өндірістік процестердің ерекшеліктерін, осы кәсіпорындарды есепке алу ерекшеліктерін білуі керек.

б) студент қолдана білу керек. Пәнді оқу нәтижесінде студент бухгалтерлік есеп принциптерін мұнай-газ саласын басқару тәжірибесінде қолдана білуі керек; алған білімдерін бухгалтерлік есеп тәжірибесінде қолдану.

в) студент игеруі керек.

Теориялық принциптерді игеру нәтижесінде студент мұнай-газ саласындағы кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп регистрлерін жасаудың теориялық негіздерін дербес қолдана білу дағдыларына ие болуы керек.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Пәнді оқу нәтижесінде студент құзыретті болуы керек: мұнай-газ саласы субъектілерінің бухгалтерлік, қаржылық, операциялық, басқарушылық және статистикалық есебін жүргізе білу; бухгалтерлік және салық есебін жүргізу әдістері мен стандарттарын қолдану, бухгалтерлік және салық есептілігін қалыптастыру және ұсыну; шоттардың корреспонденциясын жасау және мұнай операциялары бойынша барлық қажетті есептеулер мен рәсімдерді орындау, оларды бухгалтерлік есеп регистрлерінде көрсету, сондай-ақ мұнай-газ ұйымдары үшін есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру.

Қызмет көрсету саласындағы бухгалтерлік есептің ерекшеліктері – 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1, қаржылық есеп 2

Соңғы деректер: Қаржылық есеп және есептілік, Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер, Бухгалтерлік есепті бағдарламалық қамсыздандыру

Мақсаты: заманауи жағдайдағы қызмет көрсету аясының жағдайы мен ерекшеліктерін; қызмет көрсету аясындағы кәсіпорындардағы алғашқы есепті ұйымдастыру тәртібін, шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерліктегі бухгалтерлік есепті ұйымдастыру тәртібін меігеру

Курстың қысқаша мазмұны: тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығындағы есепке алу ерекшеліктері. Химиялық тазалау және киім жуу кәсіпорнындағы есепті ұйымдастыру. Қонақ үй кешеніндегі бухгалтерлік есеп. Ломбардағы бухгалтерлік есеп. Кеңселік қызмет көрсетудегі бухгалтерлік есеп. Туристік қызмет көрсетудегі бухгалтерлік есеп ерекшеліктері. Байланыстық қызмет көрсетудегі есеп. Қызмет көрсету аясындағы кәсіпорындардың бухгалтерлік есептілігі. Медициналық қызмет көрсетудегі есеп. Көлік-экспедициялық ұйымдардағы есеп. Қызмет көрсету аясындағы кәсіпорындардағы талдамалық жұмыстарды ұйымдастыру **Күтілетін нәтижелер:**

а) студенттердің алатын білімі. Қызмет көрсетудің әр түрлі кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есепті құру ерекшеліктерін білу

- б) студент қолдана білу керек.** Кәсіпорынның есеп саясатын өңдеу және негіздеу үшін бухгалтерлік (қаржылық) есептің қағидалары жөнінде мәліметтерді қолдана білу
- в) студент игеруі керек.** Қаржылық есептілікте алдағы уақытта көрсету мақсатында қаржылық сипаттағы ақпараттарды бағалау, есептік тіркеу, жинақтау сұрақтарын нақты жағдай мысалында шешуді игеру
- г) студенттің құзырлығына сай болуы керек.** Тәжірибелік қызметте қызмет көрсету аясына тікелей қатысты жаңа білімдер мен игерімдерді пайдалану және өз бетімен тұтыну қабілеттілігі; талдамалық материалдарды микро және макродеңгейде стратегиялық шешімдер қабылдау мен экономикалық саясат аймағындағы шараларды бағалау үшін қолдану қабілеттілігі

Таңдау курсы 2

Бюджеттік есеп және есептілік– 6 кредит

Алдыңғы деректер: Қаржыға кіріспе, Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1

Соңғы деректер: Қаржылық есеп және есептілік, Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер, Бухгалтерлік есепті бағдарламалық қамсыздандыру

Мақсаты: Мемлекеттік кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп бойынша білім мен дағдыларды қалыптастыру. Бюджеттік жүйені басқару, бюджеттік жіктеу туралы нормативтік және заңнамалық актілерді және үкіметтің қаулыларын зерделеу; қаржы органдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінің атқарылуы туралы бухгалтерлік ақпараттың дайындалуын қамтамасыз етеді; Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уақтылы шығындар сметасының орындалуы туралы есеп беру.

Курстың қысқаша мазмұны: Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі және оның құрылымы. Бюджеттік есеп және есептілік. Ақша қаражаттары мен олардың баламаларын есепке алу. Түгендеу есебі. Ұзақ мерзімді активтерді есепке алу. Инвестициялық мүлік пен биологиялық активтерді есепке алу. Жалдау есебі. Қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелерді есепке алу. Дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу. Қызметкерлермен есеп айырысуды есепке алу. Мемлекеттік кірістерді есепке алу. Мемлекеттік мекемелердің шығындарын есепке алу. Есеп беру мемлекеттік мекемелердің бағалауының орындалуын, оның қаржылық және мүліктік жағдайын көрсететін көрсеткіштер жүйесі ретінде. Бюджеттік ұйымдардағы қаржылық есептіліктің негізгі формалары. Мемлекеттік мекемелердің есеп саясатын жасау тәртібі.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқу нәтижесінде студент білуі керек: бюджеттік есепте қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамаларды; бюджеттік есепке алудың мәні, мақсаты, объектілері мен субъектілері; бюджеттік есепке алу шоттарының кестесі және оны қолдануға арналған ұсыныстар; бюджеттік есеп беру тәртібі

б) студент қолдана білу керек. Теориялық ережелерді игеру нәтижесінде студент мынаны істей білуі керек: қаржылық емес және қаржылық активтермен жасалатын бухгалтерлік есеп операциялары туралы есептерде көрініс табуы; мекеме міндеттемелерін бюджеттік есепке алу шоттарында көрсету; бюджеттік есепке алудың қаржылық нәтижелерін анықтайды және көрсетеді.

в) студент игеруі керек. Теориялық қағидаларды игеру нәтижесінде студент келесі дағдыларға ие болуы керек: мекеме қызметкерлеріне жалақыны есептеу; коммерциялық емес ұйымдарға салық салуды бейнелейді, бюджеттік есептілікті жасайды.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек.

Пәнді оқу нәтижесінде студент құзырлы болуы керек: бюджеттік және қаржылық ұйымдардағы бухгалтерлік есеп бойынша бухгалтерлік және нормативтік ақпаратпен қамтамасыз етілген, Қазақстанның бюджеттік және салық заңнамасын жетік меңгерген, есеп жүргізуге және шығындар сметасының орындалуы туралы есептерді құруға қабілетті. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының тұжырымдамалары мен принциптерін құжаттай және іс жүзінде қолдана білу; Қаржылық есептіліктің

халықаралық стандарттарына сәйкес мемлекеттік сектор ұйымдарының қаржылық есептілігін қалыптастыру.

Банктік есеп және есептілік – 6 кредит

Алдығы деректер: Қаржыға кіріспе, Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп I Соңғы деректер. Қаржылық есеп және есептілік, Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттың жүйелер, Бухгалтерлік есепті бағдарламалық қамсыздандыру **Мақсаты:** білім алушыларда банктердегі бухгалтерлік есеп және ақша айналымы туралы білімнің біртұтас жүйесін, барлық ұғымдардың өзара байланысын, олардың ішкі логикасын және қаржы қызметінің экономикалық-математикалық моделін қалыптастыру.

Курстың қысқаша мазмұны: Банктердегі бухгалтерлік есепті ұйымдастыру негіздері. Банктердегі аналитикалық және синтетикалық есеп. Банкішілік операцияларды есепке алу.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқу кезінде студент білуі керек:

кредиттік ұйымдарда бухгалтерлік есепті жүргізудің міндеттері мен талаптары; кредиттік ұйымдарда бухгалтерлік есепті ұйымдастырудың және жүргізудің әдіснамалық негіздері; кредиттік ұйымдардың бухгалтерлік есеп шоттары жоспарының бөлімдерін құру қағидаттары, құрылымы мен мазмұны, жеке шоттарды нөмірлеу тәртібі; құжат айналымын ұйымдастырудың негізгі қағидаттары, банк құжаттарының түрлері және оларды ресімдеуге қойылатын талаптар, оларды сақтау тәртібі; синтетикалық және талдамалық есеп құжаттарының сипаттамасы; кредиттік ұйымның есеп саясатының негізгі элементтерінің қысқаша сипаттамасы; кредиттік; кредиттік ұйымдардағы бухгалтерлік қызмет бөлімшелерінің функциялары.

б) студент қолдана білу керек. шоттар жоспарында бағдарлануға, актив және пассив бойынша баланс шоттарын топтастыруға; жеке шоттарға нөмір беруге; талдамалы есеп құжаттарын жасауға және синтетикалық есеп құжаттарының мазмұнын талдауға.

в) студент игеруі керек. Пәнді оқу кезінде студент білуі тиіс: есептеу-төлем құжаттарын ресімдеу дағдысын; аналитикалық және синтетикалық есеп регистрлерін толтыру дағдысын; банктік есептілік нысандарынан қаржылық ақпаратты іріктеу және талдау әдістерін.

г) құзырет. Клиенттерге есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді, ұлттық және шетел валюталарында, банкаралық есептеулерде есеп айырысудың әртүрлі нысандарын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдерді жүзеге асыруда, клиенттердің кредит қабілеттілігін бағалауда, кредит беруді жүзеге асыруда және ресімдеуде құзыретті болу.

Таңдау курсы 3

Экономиканы мемлекеттік реттеу – 5 кредит

Пререквизиттер: Экономикалық теория, Микроэкономика

Постреквизиттер: Макроэкономика, кәсіпорын экономикасы

Мақсаты: Мемлекеттік және нарықтық маханизмді реттеудің өзара байланысының заңдылықтарын табу, экономикалық циклдың әр түрлі фазасында қолданыланып мемлекеттік қызметтің құралдары мен әдістерін талдай білу, Қазақстанның экономикалық дамуының перспективалары мен мәселелерін оқып үйрену.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Экономиканы және оның объектілерін мемлекеттік реттеудің теориялық аспектілері. ЭМР әдістемелік ұғымы және оның негізгі элементтері. Экономиканы реттеудің ұйымдық негіздері және оның шетелдік тәжірибесі. Өтпелі экономиканың жалпы сипаттамасы және оның заңдылықтары. Экономикалық өсудің негізгі факторлары және оны қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік шаралар. Экономиканы реттеу бойынша мемлекеттік қызметтің бастапқы кезеңі ретінде әлеуметтік - экономикалық жоспарлау және болжау. Ғылыми - техникалық прогрестің бағыттары және оны жеделдетуде мемлекеттің ролі. Мемлекеттің инновациялық саясатының орындау және қалыптастыру механизмдері. Жер ресурстарын тиімді пайдалану бойынша мемлекеттік шаралардың жүйесі. Экономиканы реттеудің қаржы - бюджеттік әдістері. Мемлекеттің ақша- несие саясатын іске асырудың негізгі механизмдері. Қазақстан өңірлерінің әлеуметтік - экономикалық дамуын мемлекеттік реттеу. Мемлекеттің сыртқы экономикалық және табиғатты қорғау қызметін реттеу.

Күтілетін нәтижелер:

а)пәнді оқу нәтижесінде студент білуі тиіс.Курсты оқып үйренуден студенттер экономиканы мемлекеттік реттеудің теориялық аспектілерін; ЭМР әдістемелік ұғымы және оның негізгі элементтері; экономиканы реттеудің ұйымдық негіздері; экономикалық өсім: негізгі факторлары және оны қамтамасыздандыру бойынша мемлекеттік шаралар; экономиканы реттеу бойынша мемлекеттік қызметтің бастапқы кезеңі ретінде әлеуметтік -экономикалық жоспарлау және болжау; рациональды жұмыспен қамтуды мемлекеттік реттеу және тұрғындарды әлеуметтік қорғау; экономиканы реттеудің қаржылық-экономикалық әдістерін білуі тиіс.

б) студент қолдана білу керек. Пәнді оқып үйренудің нәтижесінде студент экономиканы қаржылық-бюджеттік реттеудің әдістерін қолдана білуі керек.

в)пәнді оқу нәтижесінде студент игеруі керек. Пәнді оқып үйренуден студент экономиканы мемлекеттік реттеу жүйесін қалыптастыру қағидасын, қойылған мақсатты іске асыру үшін құрал іздеуді игеруі керек.

г) құзіреті. Пәнді оқып үйренудің нәтижесінде студент экономикалық циклдің әртүрлі фазасында қолданылатын мемлекеттік қызметтің құралдары мен әдістерін игеру бойынша тәжірибелік машықтарға құзіретті болу керек.

Қазақстан экономикасын басқару – 5 кредит

Алдыңғы деректер: Экономикалық теория, микроэкономика

Соңғы деректер: Макроэкономика, кәсіпорын экономикасы

Мақсаты: Студенттерді Қазақстан экономикасын басқарудың теориясы мен практикасы саласына теориялық, практикалық, сондай-ақ құқықтық құжаттар негізінде үйрету.

Курстың қысқаша мазмұны: Экономиканы басқарудың әдістемелік негіздері. Қазақстан экономикасын басқарудың әдістері мен құрылымы. Экономиканы мемлекеттік басқарудың ұйымдық құрылымын рационализациялау. Кәсіпкерлікті басқару, Қазақстанда шағын бизнестің дамуы. Қазақстандағы инвестициялық процесстерді басқару. Қазақстандағы аймақтық басқару. Нарықтық инфрақұрылымның дамуын басқару. Сыртқыэкономикалық қызметті басқару. Қазақстан республикасында басқарудың әлеуметтік мәселелері. Қазақстан экономикасын басқарудың қы\азіргі заманғы мәселелері.

Күтілетін нәтижелер:

а)студенттердің алатын білімі.Курсты оқып үйрену нәтижесінде студент мемлекеттік және дүниежүзілік экономиканың теретико-әдістемелік және ұйымдық мәселелерін, нарықтық экономика жағдайындағы басқарудың теориясы мен практикасын білуі қажет.

б)студент қолдана білу керек.Курсты оқып-үйрену нәтижесінде студент басқарушылық шешім қабылдау барысында макроэкономикалық жағдайларды есепке алуды білуі қажет.

в)студент игеруі керек.Ұлттық экономиканың тиімді әрекет етуін қамтамасыз ететін басқарудың барлық механизмдерін негіздеп, ұтымды пайдалану

г)құзырет. Пәнді игеру нәтижесінде студент алған білімі мен машықтарын нақты өмірде, мемлекет пен қоғамда қолдана білуге құзыретті.

Таңдау курсы 4

Статистика - 3 кредит

Алдыңғы деректер: Экономикадағы математика

Соңғы деректер: Қазақстан экономикасы, Кәсіпорын экономикасы, Экономикалық талдау, қаржылық және басқарушылық талдау, Статистикалық есеп және есептілік.

Мақсаты: студенттерге статистикалық әдістемені оқып үйрету бойынша білімді қалыптастыру: статистикалық мәліметтерді жинақтау, өңдеу және талдаудың жалпы қағидалары, әдістері мен тәсілдері, жалпы қоғамдық құбылыстар мен процесстердің дамуының заңдылықтары мен бағдарын меңгеру бойынша, олардың сандық сипаттамасы бойынша.

Курстың қысқаша мазмұны: Статистика пәні мен міндеттері. Статистикалық бақылау. Статистикалық жинақтау және топтау. Нақты және салыстырмалы статистикалық

шамалар. Орта шамалар және вариация көрсеткіштері. Іріктеп бақылау. Динамика қатарлары. Индекстер. Әлеуметтік-экономикалық құбылыстар байланысын статистикалық зерттеу. Әлеуметтік-экономикалық статистика негіздері. Тұрғындар және еңбек ресурстары статистикасы. Ұлттық байлық статистикасы. Шығындар және аралық тұтыну статистикасы. Тауар өндірісі мен қызмет көрсету статистикасы. Өндіріс тиімділігінің статистикасы. Ұлттық шоттар жүйесі, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер. Тұрғындардың өмір сүру деңгейінің статистикасы.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Студент зерттеудің статистикалық әдістерінің жиынтығын, оларды макро және микродеңгейде тәжірибеде қолдану қағидалары мен тәсілдерін; ел, шаруашылық субъектісі деңгейінде ресурстармен қамтамасыз ету және оларды пайдалану тиімділігін сипаттайтын экономикалық көрсеткіштер жүйесін білуі қажет.

б) студент қолдана білу керек. Студент макро және микродеңгейде әлеуметтік-экономикалық құбылыстың дамуының заңдылығын бағалау; әлеуметтік-экономикалық процестердің сандық және сапалық өзара байланысын талдау; алынған есептеулер негізінде негізделген тұжырымдар мен тәжірибелік мақсат үшін ұсыныстар қалыптастыруды білуі қажет.

в) студент игеруі керек. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент экономикалық зерттеуде әр түрлі статистикалық әдістерді пайдалану әдістемесін; іріктеп бақылауды ұйымдастыру, топтарды құру, динамика қатарын өңдеу, әр түрлі индекстерді есептеу, әр түрлі деңгейдегі корреляциялық-регрессиялық талдаудағы есептеу әдістемесін меңгеруі қажет.

г) құзырет. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент шаруашылық субъектісінің қызметін сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерді есептеу үшін қажетті алынған мәліметтерді жинақтау мен талдауда; қойылған экономикалық міндеттерді шешу үшін қажетті мәліметтерді жинақтау, талдау және өңдеуді жүзеге асыруды құзіретті болуы қажет.

Практикалық статистика - 3 кредит

Алдыңғы деректер: Экономикадағы математика

Соңғы деректер: Кәсіпорын экономикасы, экономикалық талдау, қаржылық және басқарушылық талдау, Статистикалық есеп және есептілік

Мақсаты: Экономика саласындағы бакалаврларды кәсіби даярлауда теориялық базамен қамтамасыз ету, олардың Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді статистикалық талдау мен болжауға қатысты теориялық және практикалық білім алып, машықтануын қамсыздандыру.

Курстың қысқаша мазмұны: Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық процестерді статистикалық талдау мен болжауға қатысты ақпараттарды жинау және өңдеу, Статистикалық зерттеулерді үш кезеңде жүзеге асыру: жаппай, ғылыми ұйымдастырылған бақылау; топтау және материалдарды жинақтау, құбылыстар мен олардың дамуы бойынша нәтижелер алу үшін статистикалық көрсеткіштерді өңдеу, технико-экономикалық және әлеуметтік-экономикалық өмірдің сандық жағын сапалық жағынан ажыратпай зерттеу.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Курсты оқып-үйрену нәтижесінде студент кәсіби міндеттерді шешуге қажетті мәліметтерді талдау мен өңдеуді, қойылған мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін экономикалық мәліметтерді өңдеудің негізгі құралдарын, шаруашылық субъектісінің қызметін сипаттайтын экономикалық және әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштер жөніндегі фирмаішілік және ресми статистикалық ақпараттар көзін, оларды жалпылаудың, жүйелеу мен талдаудың тәсілдерін, статистикалық және математикалық әдістерді қолдана отырып экономикалық көрсеткіштерді есептеу әдістемесі мен типтік әдістерін білуі қажет.

б) студент қолдана білу керек. Курсты оқып-үйрену нәтижесінде студент қолдана білуі қажет: қажетті мәліметтерді жинақтап, талдап, өңдеудің қазіргі заманғы әдістерін, зерттелетін тақырып аясында экономикалық мәліметтерді өңдеудің қазіргі заманғы құралдарын қолдану, әлеуметтік-экономикалық есептеулерді ұйымда қабылданған талаптар мен стандартта бейімдеу, экономикалық процестер мен құбылыстардың сипаттамасы негізінде стандартты теориялық және экономикалық модельдер құру.

в) студент игеруі керек. Курсты оқып-үйрену нәтижесінде студент игеруі қажет: қажетті мәліметтерді өз бетінше жинақтап, талдап, өңдеуді; әлеуметтік-экономикалық есептеулерді жүргізуге машықтану; шаруашылық субъектінің қызметін сипаттайтын көрсеткіштерді статистикалық және математикалық аппараттың стандартты әдістемесі бойынша есептеуге машықтану; есептеу нәтижелерін құрастырып, рәсімдеп, ұсынуға машықтануы қажет.

г) құзырет. Пәнді меңгеру нәтижесінде студент алынған нәтижелерді талдап, мазмұнды түсініктеме беруге әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің өзгеру тенденциясын анықтауға, есептеу нәтижелерін құрастырып, рәсімдеп, ұсынуға қызырлы болып табылады.

Таңдау курсы 5

Маркетинг – 3 кредит

Алдыңғы деректер: Экономикалық теория

Соңғы деректер: Кәсіпкерлік, бизнес негіздері, бизнес жоспарлау

Мақсаты: Маркетинг аппаратының категориялық - ұғымдық және теориялық негіздерін оқып үйрену

Курстың қысқаша мазмұны: Маркетингтің теориялық негіздері және тұжырымдамалары. Маркетингтік орта. Тауар нарығындағы тұтынушылардың мінез - құлқы. Маркетингтік зерттеулер. Маркетингтік зерттеулердің процестері және оның кезеңдері. Нарықты сегменттеу оның қағидалары және критерилері. Нарықта тауарды жайғастыру. Тауар нарығындағы тұтынушылардың мінез - құлқы. Маркетинг жүйесіндегі тауар. Тауардың өмір сүру кезеңінің тұжырымдамасы. Тауардың өмір сүру кезеңінің сипаттамасы. Фирманың тауар саясаты: мәні, мағынасы,. Тауар бәсекелестігінің параметрлері мен көрсеткіштері. Тауарды орау және таңбалау. мақсаты Тауар белгісі және тауар маркасы. Маркетингтің баға саясаты. Тауарды өткізу және тауар айналымы. Маркетингтегі коммуникациялық саясат. Халықаралық маркетинг. Қызмет көрсету маркетингі.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқып үйренудің нәтижесінде студенттер маркетингтің мәнін, оның ролі мен мазмұнын, нарықты зерттеу мен сегменттеуді, нарыққа тауарды жайғастыру, фирманың жеке өнімнің бәсекеге қабілеттілігін бағалауды білуі тиіс.

б) студент қолдана білу керек. Теориялық білімді меңгеру нәтижесінде студент нарықтағы кәсіпорын үшін айқын жоспар жасауды білуі тиіс. Жетістікке әкелетін мақсатын нақты анықтап, құралдарын көріп, даму әрекетін бақылау әдісін де білуі керек.

в) студент игеруі керек. Пәнді оқып үйренудің нәтижесінде студент ТӨЦ сатысын есепке ала отырып фирманың «өнім портфелін» басқару, тиімді баға саясатын құру, тауар қозғалысы және оны таратуға қатысты сауатты шешімдер қабылдау, мақсатты нарықпен маркетингтік коммуникация бағдарламасын құру үшін қажетті білімді меңгеру керек.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Пәнді оқып үйренудің нәтижесінде студент маркетингтің дамуы сұрақтарына, өнеркәсіптік мақсаттағы тауарлар нарығында маркетингтік қызметтің егжей-тегжейін, оның стратегиясы мен тактикасын қалыптастыруға құзіретті болуы керек.

Кәсіпкерлік қызметтегі маркетинг – 3 кредит

Алдыңғы деректер: Экономикалық теория

Соңғы деректер: Кәсіпкерлік, бизнес негіздері, бизнес жоспарлау

Мақсаты: Фирманың озық қызмет етуіндегі маркетингті басқарудың рөлі жөніндегі ұғымды студенттерде қалыптастыру

Курстың қысқаша мазмұны: Маркетинг түрлері және маркетингтік қызметтің әдістемелік негізі мен әдістері. Маркетинг дамуының дүниежүзілік тәжірибесі және оны Қазақстан жағдайында қолдану. Маркетинг стратегиясы және оның түрлері. Маркетинг кешені. Отандық тәжірибеде қолдану ерекшеліктері. Маркетинг жүйесінде нарықты кешенді зерттеу және оны ақпараттық қамсыздандыру. Нарықты сегменттеу. Тауар саясаты. Клиенттік нарықтың түрлері. Маркетинг жүйесіндегі тауарлар қозғалысы. Сұранысты қалыптастыру және өткізуді ынталандыру. Контроллинг және маркетинг жүйесіндегі өзге де инновациялар. Кәсіпорында маркетингтік қызметті ұйымдастыру ерекшеліктері. Бинесті жаңартудағы маркетинг. Шетелдік нарықтарға маркетингтік зерттеулер жүргізудің әдістері және халықаралық маркетингтің құралдары. Сыртқы нарықтағы Қазақстан ұйымдарының маркетингтік қызметінің ерекшеліктері.

Күтілетін нәтижелер:

Курстың қысқаша мазмұны: Қор биржасының инфрақұрылымы және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары. Қазақстан Республикасында қор биржаларының құқықтық реттелуі. Бағалы қағаздар нарығындағы инвесторлардың қызметін құқықтық реттеу және олардың құқығын қорғау. Бағалы қағаздар нарығындағы мемлекеттік реттеу. Бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының жауапкершілігі. Қор биржасындағы сауданы ұйымдастыру. Бағалы қағаздарды қор биржасындағы саудаға жіберу процедуралары. Бағалы қағаздарды котировкалау. Қор индекстері және оларды қолданудың негізгі бағыттарының рөлі.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент мыналарды білуі қажет: қор биржаларының мәні, қызметі және бағалы қағаздар нарығындағы алатын орны; отандық және дүниежүзілік бағалы қағаздар нарығындағы биржалық сауданың қазіргі заманғы жағдайы және оның алға қарай дамуының негізгі бағыттары; биржа саудасының негізгі қатысушылары олардың қызметтері мен әрекет ету механизмі; қор нарығының биржалық саудасы тәжірибесінде қолданылатын негізгі ұғымдар түсінігі; биржалық сауда жүйесінде сауда жүргізудің негізгі тәсілдері.

б) студент қолдана білу керек. Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент мыналарды білуі қажет: бағалы қағаздар нарығындағы биржалық сауданың орны мен рөлін негіздеу; отандық бағалы қағаздар нарығында қор биржаларының әрекет етуінің негізгі мәселелерін бағалау; қор биржаларының атқаратын қызметтерін анықтау; бағалы қағаздар нарығында қор биржаларының қатысушыларының қызмет ерекшеліктерін, құқықтары мен міндеттерін талдау, бағалы қағаздарды биржалық саудаға жіберу тәртібін түсіндіру, бағалы қағаздар курсы мен биржа котировкасын есептеу, тәжірибеде қор индекстерін қолдана білу

в) студент игеруі керек. Пәнді оқып үйрену нәтижесінде келесілерді игеруі қажет: баға бойынша және құн бойынша өлшенген индекстерді есептеуде бөлгіштерді есепке алу тәсілдерін қолдануға машықтану.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент құзырлы болуы қажет: маржамен бағалы қағаздар сатып алудағы нақты маржаны бағалау, мәміле қатысушыларының жоғалтулары мен ұтыстарын есептеуге құзырлы.

Кәсіби пәндер циклы (КП)

1 таңдау курсы

Салық есебі және есептілік - 6 кредит

Алдыңғы деректер: Қаржыға кіріспе, салық және салық салу, корпорация салықтары, қаржылық есеп I

Соңғы деректер: Бухгалтерлік есепті ақпараттық қамсыздандыру

Мақсаты: басқару, бухгалтерлік есеп, салық салу шеңберіндегі алған білімдерін жүйелендіру, солардың негізінде бухгалтер, аудитор, салық қызметкерінің кәсіби қызметінде пайда болған жеке міндеттерді шешу машығын қалыптастыру.

Курстың қысқаша мазмұны: Салық есебі, оның есеп жүйесіндегі орны және Қазақстан Республикасындағы салық есебінің алға қарай дамуы, Салық есебінің арнайы ережелері мен тәсілдері. Қосылған құн салығының салық есебі (ҚҚС): ҚҚС бойынша есепке қою және шығару және салық есептілігінің құрылу тәртібі. Заңды тұлғаның жылдық жиынтық кірісінің салық есебі. Тіркелген активтер бойынша шегерістердің салық есебі. Жылдық жиынтық кірістен шегеріске жатқызылмайтын шығыстардың салық есебі. Корпоративтік табыс салығы бойынша декларация. Мүлік салығы бойынша салық есебі және есептілігі. Көлік және жер салығы бойынша салық есебі және есептілік.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Натуралдық формадағы және материалдық пайда түріндегі кіріс құрамы, салық салу мақсатындағы ұйымның кірістері мен шығыстарының құрамы; амортизацияланған мүліктің құрамы, амортизация есептеу әдістері; кәсіпорын

салығын төлеу тәсілдері; салық салу мақсатындағы тауар, жұмыс, қызмет бағасын анықтау қағидаларын білу қажет.

б) студент қолдана білу керек. Салықтық есеп айырысулардың ішкі бақылауын ұйымдастыру; кәсіпорынның салық саясатын өңдеу; ұйымның салық есебі мен есептілігі жүйесін ұйымдастыру.

в) студент игеруі керек. Салық есебінің формалары мен тіркемелерін рәсімдеудің тәжірибелік машықтары; салықтық есеп айырысулар; салық есептілігін құру; салық декларациясы мен есеп айырысулардағы қателерді түзету; салық салу мақсатындағы шығыстарды нормалау; заңды тұлғалардың кірістеріне салықты есептеудегі шот-фактуралар, сатып алу кітабы, сату кітабы, салық есебінің жеке карточкаларын толтыру.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Бухгалтерлік және салық есебінің өзара әрекеті моделінде, есепті-салықтық көрсеткіштерде, салық салынатын базаны қалыптастыруда есепке алу әдісінде; салықтық түсінікті жүзеге асыруда.

Статистикалық есеп және есептілік – 6 кредит

Алдыңғы деректер: Статистика, тәжірибелік статистика, бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп I

Соңғы деректер: Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты бойынша қаржылық есептілікті талдау

Мақсаты: студентке ақпаратты жинау, өңдеу, талдауға бейімдеуге экономикалық әлемдік көзқарас қалыптастыру, фирманың қаржылық моделдерінің ақпараттық-талдамалық мүмкіндіктерін бейнелеу бойынша ғылыми-тәжірибелік бағыттарды оқып үйрету

Курстың қысқаша мазмұны: статистикалық есептің мәні, міндеттері және ұйымдастыру. Мемлекеттік статистиканы ұйымдастыру және реформалау бағыттары. Статистикалық ақпарат көздері және жинау әдістері. Қазақстан Республикасындағы статистикалық есептілік тұжырымдамасы. Кәсіпорынның статистикалық есептілігі. Статистикалық есептілікті автоматтандыру

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Әлеуметтік-экономикалық статистиканың ұғымы мен құралдарын білу

б) студент қолдана білу керек. Оқу нәтижесінде студент эмпирикалық және эксперименталдық мәліметтерді өңдей білу

в) студент игеруі керек. Типтік ұйымдық-басқарушылық міндеттерді шешудің математикалық, статистикалық, сандық әдістері

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Қаржылық, бухгалтерлік және басқа да экономикалық ақпараттарды өңдеу үшін құралды таңдау және оны негіздеу қабілеттілігі; статистикалық мәліметтер негізінде экономикалық қауіпсіздіктің болу мүмкіндігін болжау мақсатында әлеуметтік-экономикалық процестерді зерттеу қабілеттілігі; талдау жүргізу және мүмкін болатын экономикалық тәуекелділіктерге баға беру және экономикалық қауіпсіздіктің негізгі болуының дамуы динамикасын болжауды негіздеу қабілеттілігі

2 таңдау курсы

Аудит негіздері - 6 кредит

Алдыңғы деректер : Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп I

Соңғы деректер : Практикалық аудит, кәсіпкерліктегі қаржылық аудит

Мақсаты: Студенттерді ішкі және сыртқы аудит жүргізу принциптерімен және әдістерімен таныстыру, өткізу және табыс алу циклдарында қолданылатын әдістерді, өндіріс шығындарының, өткізу шығындарының пайда болуын, еңбек ақы бойынша есеп айырысу, қаржыландыру және инвестициялау процестерін, қаржылық нәтижелерді қалыптастыру және оларды пайдаланудың жекеленген циклдарының мәнін ашып көрсету.

Курстың қысқаша мазмұны: Аудиттің мәні, мақсаты және түрлері. Аудиторлық қызметті нормативті құқықтық реттеу. Аудиторлық зерттеудің әдістемелік ерекшеліктері. Аудиттің принциптары, компоненттері мен концепциялары. Қателіктер және алаяқтық, олардың мәнділігін бағалау. (ХАС 240, 320). Аудиторлық тәуекелділік және оның компоненттері (ХАС 400). Аудиторлық дәлелдемелер (ХАС 500, 501). Аудитті құжаттау және сапасын бақылау (ХАС 230, 220). Ішкі бақылау жүйесі (ХАС 265, 400). Аудиттегі таңдау (ХАС 530). Аудиторлық тексерудің көлемі, жоспарлау және ұйымдастыру (ХАС 210, 300, 310). Мәліметтерді электронды өңдеу аудиті. Аудиторлық есеп беру: құру және ұсыну тәртібі (ХАС 700, 710). Аудиторлық тексеру және қаржылық есептілікті тексеру әдістері (ХАС 720)

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті нормативтік құқықтық реттеуді, аудиттің ұйымдастыру негізін (аудиторлық тексерудің алғашқы кезеңі, жоспарлау, құжаттау, аудиторлық қорытындының қалыптасуы); аудиторлық тексеруді ұйымдастыру әдістерін білуі тиіс.

б) студент қолдана білу керек. Бақылаудың жекеленген процедураларын жасақтай біліп, нақты және құжаттық бақылаудың әдістерін тәжірибе жүзінде қолданып, бақылау нәтижесін жинақтап, қорытынды жасай білуі қажет.

в) студент игеруі керек. Аудиторлық қызметті ұйымдастыру бойынша барлық ақпараттарды игеріп, аудиторлық қорытынды жасауға машықтануы қажет.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Аудиторлық тексерісті жүргізудің нақты шарттарына машықтанып, икемделуге құзыретті.

Тереңдетілген қаржылық аудит- 6 кредит

Алдыңғы деректер : Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржыға кіріспе, қаржылық есеп 1

Соңғы деректер : Практикалық аудит, кәсіпкерліктегі қаржылық аудит

Мақсаты: Аудиторлық қызметті стандарттау жөнінде білімді қалыптастыру; халықаралық аудит стандарттарының пайда болуы мен қолданылу тәжірибесін оқып үйрену; аудитор тәжірибесіндегі ең негізгі деген учаскелерді реттеу бойынша білімді меңгеру; аудит стандарттарымен жұмыс істеуге машықтану

Курстың қысқаша мазмұны: Шетелдерде аудиторлық қызметтің халықаралық стандарттарын қолдану тәртібі және мазмұны: қаржылық есептіліктің халықаралық стандарты мен аудиттің қатынасы; халықаралық стандарттардың аудиторлық қызметті реттеуші ұлттық нормативтік құжаттармен байланысы, аудитті ұйымдастыру және оның нәтижесін рәсімдеу, аудиторлық тексерудің маңысы түсінігі, оны қамтамасыздандыру әдістері, нарық жағдайында шаруашылық субъектілерін ақпаратпен қамтамасыздандырудың шынайылығы мен сенімділігіне аудиттің әсері; ұлттық стандарттарды жасақтаудың құрамы мен қағидаттарының халықаралық стандарттарға сәйкестігі; халықаралық аудит стандарттарын растаушы, ілеспелі және мақсатты аудит пен өзге де аудиторлық қызмет түрлеріне қолданудың ерекшеліктері.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Пәнді қыту нәтижесінде студент білуі тиіс: пәннің теориялық негізін; аудит қызметін нормативтік реттеу құжаттарын және курс үшін базалық болып табылатын пәннің теориялық негізін; қаржылық есептілік аудитін жүргізу тәртібін

б) студент қолдана білу керек. Теориялық білім нәтижесінде студент қолдана білуі керек: қазіргі заманғы информациялық технологияларды пайдалана отырып қажет ақпараттарды іздеу; барлық деңгейдегі нормативтік құжаттарды қолдана отырып, олардағы өзгерістерді бағалай білу; белгілі-бір талдамалы міндеттер үшін талдамалы әдістер шығару бағытын анықтау; қаржылық есептілік аудитін жүргізу; аудит жүргізуге қажетті мәліметтерді жинау, талдау және өңдеу

в) студент игеруі керек. Студент отандық және шетелдік ақпараттарды алу мен оларды өңдеу әдістері мен әдістемелерін игеруі қажет; аудитті жоспарлау, өткізу және оның нәтижесін қорытындылау

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Жинақтау мен талдауға, ақпараттарды қабылдауға, мақсат қою және оған жету жолдарын анықтауға; өз қызметінде нормативтік-құқықтық құжаттарды қолдана білуге; өз-өзін дамытуға, өз кәсіби шеберлігін дамытуға; қаржылық есептілік аудитін жүргізу қабілеттеілігін арттыруға; халықаралық аудит стандарттары аясында білімді игеріп, оны тәжірибеде қолдана білу.

3 таңдау курсы

Қаржылық есеп II- 5 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп I

Соңғы деректер: Бухгалтерлік есепті бағдарламалық қамсыздандыру, бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер

Мақсаты: Ұйымның қаржылық есептілігін халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастыруға қажетті ақпараттарды жинау, тіркеу және өңдеу дағдыларына ие болу.

Курстың қысқаша мазмұны: Кәсіпорындарды біріктіру. Сатып алу әдісі (ҚЕХС (IFRS) 3). Шоғырландырылған және бөлек қаржылық есептілік (ҚЕХС (IFRS) 27, 10). Инвестициялық меншік (ҚЕХС IAS40). Сатуға арналған айналымнан тыс активтер (ҚЕХС (IFRS) 3). Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер, шартты активтер (ҚЕХС IAS37). Жалгердің есебі (ҚЕХС IAS17). Валюталық бағамдар өзгерісінің әсері (ҚЕХС IAS21). Пайдаға салынатын салық (ҚЕХС IAS12). Қауымдасқан компанияларға инвестициялар (ҚЕХС IAS28). Қаржы инструменттерінің есебі және бағалау (ҚЕХС IAS 32,39). Бірігіп бақыланатын активтер, бірігіп бақыланатын компаниялар (ҚЕХС IAS31). Ақцияға пайда (ҚЕХС IAS33). Компанияның есеп саясатындағы өзгерістер (ҚЕХС IAS8). Байланысты тараптар (ҚЕХС IAS24).

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. ҚР есеп жүйесінің нормативтік-құқықтық реттелуі; Қазақстан Республикасындағы бухгалтерлік есепті нормативтік реттеу жүйесінің негізгі бағыттары туралы ұғымды қалыптастыру.

б) студент қолдана білу керек. Теориялық ережелерді игеру нәтижесінде студент білуі керек: халықаралық стандарттарға сәйкес кәсіпорынның қаржылық есептілігін қалыптастыру үшін қажетті есеп ақпараттарын қалыптастыру, оны тіркеу және өңдеу.

в) студент игеруі керек. Нақты кәсіпорындар қызметінің ерекшеліктеріне байланысты туындайтын есепті ұйымдастырудың өзгерісінің әсерін; компьютерлік ортада бухгалтерлік есептің тәжірибесіне машықтану керек.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Алған білімін ҚЕХС және оның әдістемелік нұсқамаларын қолдануға бейімделіп, құзіретті болуы керек.

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС)- 5 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп I

Соңғы деректер: Бухгалтерлік есепті бағдарламалық қамсыздандыру, бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер

Мақсаты: ҚЕХС ережелеріне сәйкес қаржылық есептіліктің қалыптасуының әдістемелік және теориялық аспектілерін ашу, ҚЕҚС және ҚЕХС есептілігінің негізгі көрсеткіштерінің қалыптасуы мен есепке алу әдістемесіндегі тұжырымдамалық айырмашылықтарды ұғыну

Курстың қысқаша мазмұны: Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының эволюциясы мен тұжырымдамалық негіздері. Қаржылық есептіліктің құрамы мен ұсынылу тәртібі. 34 «Аралық қаржылық есептілік» ҚЕХС. ҚЕХС-на көшу қағидалары. ҚЕХС-на көшудегі түзету және қайта жіктеу жазбалары. 10 «Есепті кезең аяқталғаннан кейінгі оқиғалар» ҚЕХС. 8 «Операциялық бөлімдер» ҚЕХС. 11 «Құрылысқа келісім шарт» ҚЕХС. 6 «Пайдалы қазбалар қорларын барлау және бағалау» ҚЕХС (IFRS). 19 «Қызметкерлерге

берілетін сыйақылар» ҚЕХС(ІАС). 26 «Зейнетақы жоспары бойынша есеп және есептілік» ҚЕХС(ІАС). 4 «Сақтандыру келісімшарты» ҚЕХС(ІАFRS). 2 «Акцияға негізделген төлемдер» ҚЕХС(ІАFRS). 23 «Зайым бойынша шығындар» ҚЕХС(ІАС). 41 «Ауыл шаруашылығы» ҚЕХС(ІАС).

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Қаржылық есептемені қаржылық есептеменің халықаралық стандарты бойынша дайындау тұжырымдамасы және ұсынуды; халықаралық стандарттар жүйесін құрудың қағидалары мен құрылымын; халықаралық есептің әрбір стандартын және негізгі ережелерін талдап біліп; оны қолданудың тәртібі мен техникасы; жеке стандарттардың өзара байланысын мазмұндап және оны қолдану тәжірибесінде кездесетін неғұрлым күрделі сәттерге бағыттала білу

б) студент қолдана білу керек. Қаржылық есептеменің халықаралық стандартының Қазақстандық есеп ережесі мен стандарттарына сәйкестілігіне салыстырмалы сипаттама беріп, сонымен қатар басқа мемлекеттердегі есеп пен есептеменің әрекеттегі жүйесін қолдану

в) студент игеруі керек. Қаржылық есептеме формаларының негізгі көрсеткіштерін ҚЕХС тәртібі бойынша қалыптастыруға дағдыланып, Қазақстандық есептеме көрсеткіштерін ҚЕХС көрсеткіштеріне ауысуы, есептемені талдау және басқарушылық шешімдерге негізделуін, сонымен қатар қаржылық есептеменің халықаралық стандарты және әлемдік есеп тәжірибесінің алға қарай даму бағыты туралы ақпаратты игеру

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Мәселелерді талдау және қоғамдағы болып жатырған келешекті анықтап, жеке алғанда әлемдік шаруашылықтың жаһандану беталысы, Қазақстанның әлемдік экономикаға бірігуі және қаржылық есептеме институтының көшуіндегі болашақты дұрыс айқындауға қабілеті; өз кәсіби қызметі төңірегінде өзін өзі дамытуға икемділік, біліктілігін көтеру және шеберлік; қойылған экономикалық міндеттерді шешу үшін қажетті мәліметтерді жинау; отандық және шетелдік ақпарат көздері негізінен қажетті мәліметтерді жинау, оларды талдау және ақпараттық шолу мен талдамалы есептемелер жасау; жаңа техникалық және ақпараттық технологияларды талдамалы және зерттеме жұмыстарына пайдалануға икемділігі.

4 таңдау курсы

Бухгалтерлік есеп және аудит саласындағы ақпараттық жүйелер – 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, аудит, қаржылық есеп 1,2

Соңғы деректер: Бұл курс есеп және аудит саласындағы мамандардың кәсіби қызметінде қоданылады

Мақсаты: Студенттерге бухгалтерлік есеп және аудитте ақпараттық жүйе технологиясын пайдалану жөніндегі базалық білім беру

Курстың қысқаша мазмұны: Ақпараттық технологиялар және жүйелер. Автоматтандырылған ақпараттық жүйелер. Бухгалтерлік есеп және аудиттегі ақпарат және ақпараттық жүйелер. Бухгалтерлік есеп және аудиттегі ақпарат жүйелерінің жіктелуі және типтері. Құжат айналымы және іс қағаздар жүйесі. Есептік және бухгалтерлік нормативтік-құқықтық жүйелер. Кәсіпорынды басқарудың ақпараттық жүйелері мен технологиялары. Банк қызметіндегі ақпараттық жүйелер мен технологиялар. Есептік маркетингтегі ақпараттық жүйелер мен технологиялар. Ақпараттық жүйелер қауіпсіздігі.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Студент келесілерді білу қажет: бухгалтерлік ақпараттарды өңдеу технологиясы мен әдістері; бухгалтерлік есеп және аудиттің автоматтандырылған жүйесін жобалаудың инструменталдық және бағдарламалық құралдары; ақпараттық бухгалтерлік жүйенің жіктелуі мен типтері, зияткерлік технологиялар және оны бухгалтерлік есеп және аудит аумағында ақпараттық жүйе

құруға қолдану; ақпараттық жүйедегі өмірлік цикл сатысындағы бухгалтердің рөлі мен орны; бухгалтерлік есеп және аудит процесінде туындаған міндеттер, сонымен қатар сол шеңбердегі шешімдерді ақпараттық қолдау құралдары

б) студент қолдана білу керек. Microsoftword, excel и 1С бағдарламалық өнімдердің көмегімен мәліметтерді өңдеудің қарапайым ақпараттық жүйелерін жобалау; құндылығын анықтау және басқа пәндермен байланысын ұғыну; шешім қабылдау сызбасы мен мүліктерді басқару және бағалаудың бизнес үрдісін сипаттау

в) студент игеруі керек. Бухгалтерлік есеп және аудитті өңдеу және талдау үшін бағдарламалық құралдарды пайдалану дағдысын меңгеру

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Пәнді меңгеру нәтижесінде студентте келесі құзіреттер қалыптасу керек: қазіргі заманғы ақпараттық қоғам заманындағы ақпараттың мәні мен мағынасын түсінуге қабілетті; сол процесітегі пайда болған қауіп қатерлерді сезіну; ақпараттық қауіпсіздіктің талаптарын сақтау, соның ішінде мемлекеттің құпиясын қорғау, ақпаратты алу, сақтау, өңдеудің негізгі әдістері, тәсілдері, құралдарын меңгеру; әлемдік компьютер желісіндегі ақпараттармен жұмыс жасау қабілеті, талдамалау және зерттеу.

Бухгалтерлік есепті бағдарламалық қамсыздандыру - 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп енгіздері, аудит, қаржылық есеп 1,2

Соңғы деректер: Бұл курс есеп және аудит саласындағы мамандардың кәсіби қызметінде қоданылады

Мақсаты: әртүрлі бағдарламалық қамсыздандырудағы жұмыстың теориялық және тәжірибелік дағдысын меңгеру, құжаттардан компьютерге перифериялық құрал (түрлі есептегіштер т.б.) шаруашылық операциялары (шығыс ақпараттары) жөнінде түрлі мәліметтерлі автоматты енгізу. Әр түрлі ақпаратты пайдаланушылардың қажеттіліктерін жоғары дәрежеде қанағаттандыратын алғашқы (шығыс) ақпараттарының аз мөлшердегі санын енгізуге бағыттау.

Курстың қысқаша мазмұны:

Есеп моделі. Бухгалтерлік есеп жүйесіндегі ақпараттық ағымдар. Бухгалтерлік есеп жүйесінің қызметтік моделі: шартты-тұрақты айнымалы нысандар. Бухгалтерлік есептің пәндік аумағындағы ақпараттық-логикалық модель. Ақпаратты жіктеу және кодтау жүйесі. Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру бағыттары. Бухгалтерлік есепті автоматтандырудың негізгі бағыттары. Бухгалтерлік есептің негізгі міндеттерін автоматтандыру: қажеттілігі, жүзеге асыру технологиясы, бағдарламалық қамсыздандыру. Бухгалтерлік ақпаратты технологиялық өңдеудің барлық тізбегін автоматтандыру. MS OFFICE базасындағы бухгалтерлік есептің компьютерлік жүйесі. MS WORD ортасындағы бухгалтерлік есептің стандарттық электрондық формасын және шаблондарын өңдеу. Сериялық құжатты құру. Бухгалтерлік есептің компьютерлік жүйесін өңдеу үшін MS EXCEL бағдарламасын қолдану. MS ACCESS ортасындағы бухгалтерлік есептің мәліметтер базасын өңдеу. MS QUERY ортасындағы мәліметтерді интеграциялау. Бухгалтерлік есептің міндеттерін автоматтандыру үшін бағдарламалық құралдар. Бағдарламалық құралдарды жіктеу. Инструменталдық компьютерлік жүйе. Шағын және орта кәсіпорындар үшін интеграцияланған бухгалтерия. Бухгалтерлік ақпараттық жүйе жөніндегі жалпы мәліметтер. Бухгалтерлік ақпараттық жүйенің бағыты мен жіктелуі. Бухгалтердің автоматтандырылған жұмыс орны. Бухгалтердің автоматтандырылған жұмыс орны, қызметтік, ақпараттық және бағдарламалық жүйеіші. Бухгалтерлік мәліметтерді талдаудың ақпараттық технологиясы.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. Бухгалтерлік есепті компьютерлендіру қағидалары, бухгалтерлік міндеттерді автоматтандырудың ақпараттық технологияларын білу; әр түрлі қызметтік мақсаттағы автоматтандырылған жұмыс орны шеңберінде пайдаланушы-бухгалтердің тәжірибелік дағдыларын меңгеру.

б) студент қолдана білу керек. Бухгалтерлік есептің жеке міндеттерін шешу үшін стандарттық кеңсе бағдарламаларын қолдана білу, бухгалтерлік есепті автоматтандыру үшін дайын бағдарламалық шешімдерді пайдалану

в) студент игеруі керек. Бухгалтерлік міндеттерді жүзеге асыру үшін стандарттық кеңсе бағдарламаларын тәжірибелік пайдалану дағдыларын игеру; бухгалтерлік бағдарламалық өнімдерді пайдалануда тәжірибелік дағдыны игеру.

г) студенттің құзырлығы. Бухгалтерлік есепті автоматтандыру үшін дайын бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалануда құзіретті болуы

5 таңдау курсы

Басқару есебі II - 6 кредит

Алдыңғы деректер: Қаржылық менеджмент, басқару есебі I, қаржылық есеп I

Соңғы деректер: Бухгалтерлік есепті ақпараттық қамсыздандыру

Мақсаты: Студенттерді басқару есебін ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибесімен таныстыру, студенттерге кәсіпорынды толықтай және жауапкершілік орталықтары бойынша операциялық қызметін басқарудың тереңдетілген білімін қалыптастырып, сонымен қатар өнімнің өзіндік құнын калькуляциялаудың әдістерін, бюджеттендіру технологиясын, субъект қызметінің тиімділігін көтеруге бағытталған экономикалық негізделген басқару шешімдерге қабылдауды үйрету.

Курстың қысқаша сипаттамасы: Қазіргі жағдайдағы басқару есебінің қызметтері мен ерекшеліктері. Шығындарды басқару. Шығындарды бағалау. Өндірістік бөлімшелерге көмекші қызмет шығындарын бөлу. Стратегиялық басқару есебі. Бюджеттік жоспарлау, қызметтендіру көрсеткіштерін бақылау және өлшеу. Ауытқуларды талдау. Жауапкершілік есебі. Трансферттік баға белгілеу. Шешім қабылдауды талдау. Шешім қабылауды үшін релеванттық кірістер мен шығыстарды өлшеу. Инвестициялық шешімді талдау.

Күтілетін нәтижелер: басқарушылық талдау тәсілдерін меңгеру, өнімнің (жұмыс, қызмет) өзіндік құнын әр түрлі әдістермен калькуляциялау, жауапкершілік орталықтарында кіріс және шығын сметасын қалыптастыру, бөлімшелердің нақты қызметінің есептерін құру және жеткен нәтижелерін талдау, алған білімді тәжірибеде пайдалану.

а) студенттердің алатын білімі. Басқару есебінің маңызды құраушы механизмдері - басқару, оперативтік және ішкі есепте жоспарлау, нормалау, бюджеттеу, талдау, бақылану және ақпараттарының теориясы мен тәжірибесін білуі тиіс.

б) студент қолдана білу керек. Басқару есебін қалыптастыру механизмін ашып, басқару есебін жүргізу мен ұйымдастырудың әдістерін, оның негізгі категорияларын білу

в) студент игеруі керек. Экономикалық ақпаратты өңдеудің арнайы әдістерін, тәсілдері мен амалдарын игеруі керек.

г) құзіреті. Қызметті бюджеттеу, жоспарлау, талдау, бақылауға және менеджерлердің басқарушылық жұмыстарын жетілдіруге құзіретті болуы керек.

Өндірістік есеп - 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп I, басқару есебі I, бизнес жоспарлау

Соңғы деректер: Бухгалтерлік есепті ақпараттық қамсыздандыру

Мақсаты: өндірістік есептің мақсаты, міндеттері, құрылымы, мазмұны, ұйымдастырылуымен таныстыру, жұмыс түрі, жауапкершілік орталығы, пайда болу орны бойынша шығындарды есепке ала отырып, өнім немесе жұмыстың өзіндік құнын есептеуді үйрету, сонымен қатар өндірісті басқарудағы өндірістік есептің рөлімен таныстыру.

Курстың қысқаша мазмұны: Өндірістік есеп жөніндегі жалпы мәліметтер. Өндірістік есептің мақсаты, міндеттері, өндірісті басқарудағы оның рөлі. Кәсіпорын шығындарын топтау. Мақсаты, қызметтері, тәртібі бойынша шығындар жөніндегі ақпарат. Шығындарды нормалау (материалдық, еңбек және үстеме шығыстар). Нақты және

нормативтік шығындарды бейнелеу тәсілдері. Өндірістік есепті ұйымдастыру. Шығындардың түрі бойынша, пайда болу орны бойынша, жауапкершілік орталығы бойынша, шығындарды тарату бойынша есепке алу.

Курстың қысқаша мазмұны: Өндірістік есеп жөніндегі жалпы мәліметтер. Өндірістік есептің мақсаты, міндеттері, өндірісті басқарудағы оның рөлі. Кәсіпорын шығындарын топтау. Мақсаты, қызметтері, тәртібі бойынша шығындар жөніндегі ақпарат. Шығындарды нормалау (материалдық, еңбек және үстеме шығыстар). Нақты және нормативтік шығындарды бейнелеу тәсілдері. Өндірістік есепті ұйымдастыру. Шығындардың түрі бойынша, пайда болу орны бойынша, жауапкершілік орталығы бойынша, шығындарды тарату бойынша есепке алу.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі: өндірістік есептің жалпы қабылданған қағидалары, заманауи әлемдік есеп тәжірибесіндегі өндірістік есептің негізгі тұжырымдамалары, халықаралық есеп стандарты негізінде өндірістік есепті ұйымдастырылуын білу.

б) студент қолдана білу керек: басқарудың әр түрлі мақсаты үшін өнімнің өзіндік құнын анықтау; сәйкес әдістерді қолданумен өндіріс есебін ұйымдастырудың өз моделін таңдау

в) студент игеруі керек: өндірістік есепті ұйымдастыру және жүргізу бойынша дағдылану, өндірістік шығындарды, өндіріс зиянсыздығын талдау, басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін шығындар мен пайданы талдау, капитал салымы жөніндегі шешім қабылдау, смета құру.

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек: нормативтік жәнақты шығындар бойынша өзіндік құнды калькуляциялау және талдау, кәсіпкерліктегі өндірістік есеп мәліметтері негізінде баламалы шешімдерді қабылдау.

6 таңдау курсы

Практикалық аудит - 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп 1,2, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары, аудит негіздері

Соңғы деректер: жоқ

Мақсаты: «Есеп және аудит» мамандығының студенттерін кәсіпорынның бухгалтерлік (қаржылық) есептілігінің сенімділігін және олармен жүргізілген қаржылық және шаруашылық операцияларының Қазақстандағы әрекеттегі нормативтік актілерге сәйкестігін анықтау мазмұнымен таныстыру

Курстың қысқаша мазмұны: Кәсіпорынның құрылтай құжаттары мен есеп саясатын тексеру. Тұтыну, өндіру және кіріс алу циклінің аудиті. Ақша және оның баламаларының аудиті. Ұзақ мерзімді активтер аудиті. Инвестициялау циклінің аудиті. Міндеттеме және капитал аудиті. Еңбек ақы бойынша қызметкерлермен есеп айырысу аудиті. Аудиттегі талдау. Операциялық аудит. Сәйкестілік аудиті. Аудиттің басқалай түрлері және сәйкес қызметтер

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі: аудитті ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық реттелуін білу. Алдын-ала жоспарлау сатысында студент экономикалық субъектінің қаржылық-шаруашылық қызметімен танысып, келесі ақпараттарды білуі қажет:

- шаруашылық қызметіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар жөнінде;
- ұйымдық-басқарушылық құрылым жөнінде;
- өндірістік қызмет түрі жөнінде;
- капитал құрылымы жөнінде;
- өнім өндірісінің технолоиялық ерекшелігі жөнінде;
- пайданы бөлу тәртібі жөнінде;
- ішкі бақылау жүйесі жөнінде;
- есеп саясаты және бухгалтерлік есеп пен есептіліктің жалпы жағдайы жөнінде;
- салықтық және басқалай органдарды тексеру нәтижесі жөнінде.

б) студент қолдана білу керек. Аудитті ұйымдастыру жүйесі бойынша білімді демонстрациялау, аудитті құжаттандырудың жалпы қағидаларын қалыптастыру; аудиттің жұмыс құжаттарының мазмұны мен формасына қойылатын талаптарды қалыптастыру, аудиторлық дәлелдемелердің түрлерін анықтау; аудиторлық дәлелдемелердің көздерін білу; аудиторлық дәлелдемелерді алу әдістерін меңгеру, ішкі бақылау мен оның құраушы жүйесін білу; аудит барысындағы экономикалық субъектінің бухгалтерлік есеп жүйесін аудитормен бағалау мен меңгеруге қойылатын негізгі талаптарды қалыптастыру; ішкі бақылау жүйесінің сенімділігін меңгеру және бағалауға қойылатын негізгі талаптарды қалыптастыру; шағын кәсіпкерлік субъектілеріндегі бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесін меңгеру мен бағалау ерекшеліктерін бейнелеу.

в) студент игеруі керек. Практикалық аудитті ұйымдастыру бойынша барлық ақпараттарды игеру

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек. Субъектінің шаруашылық қызметінің жеке объектілерінің аудиті бойынша алған білімін бейімдеу қабілеттілігі

Кәсіпкерліктегі қаржылық аудит - 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, Қаржылық есеп 1,2, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары, аудит негіздері

Соңғы деректер: жоқ

Мақсаты: Қазақстан Республикасындағы және шетелдердегі қаржылық аудитті мемлекеттік және қоғамдық реттеу тәртібін меңгеру, қаржылық аудиттің жалпы қағидалары мен ережелерін, сонымен қатар кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің бухгалтерлік есеп және есептілік аудитін жоспарлау және жүргізу әдістемесін оның дұрыстығы жөнінде пікір қалыптастыру мақсатында оқып үйрену.

Курстың қысқаша мазмұны: аудиторлық қызметті реттеу. Аудиторлық қызметтің ұйымдастыру аспектілері. Аудит стандарттары мен нормалары. Аудит техникасы. Экономикалық субъект қызметінің жүйе құрушы мәселелерінің аудиті. Есептің жеке бөлімдерінің аудиттеу әдістемесі: несие және қарыздар, мақсатты қаржыландыру, сыртқы экономикалық байланыс, жалдық және мүліктік қатынастар, бухгалтерлік есептің баланстан тыс шоттары.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі: пәнді оқып үйрену нәтижесінде келесілерді білуі қажет: қаржылық есептілік аудитінің әдістемелік негіздері, ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтаушы нормативтік құжаттар; экономикалық субъектінің қаржылық жағдайы жөніндегі ақпараттарды бейнелеудің және оның қаржылық-шаруашылық операцияларының есеп тіркемелерінде және есеп нысандарында бейнеленуінің негізгі тәсілдері; кәсіпорынның қаржылық есептілігінің негізгі нысандарының мазмұны.

б) студент қолдана білу керек: кәсіпорынның бухгалтерлік есептілігінің дұрыстығы жөнінде кәсіби пікір қалыптастыра білу, аудиторлық тексеру жүргізуді аудит стандарттары талаптарына сәйкес және ұтымды ұйымдастыру.

в) студент игеруі керек. Аудиторлық процедуралар жүргізу машығын меңгеру

г) студенттің құзырлығына сай болуы керек: алған теориялық білімін ситуациялық міндеттерді шешуде және аудиторлық тексеру жүргізуде қолдану

7 таңдау курсы

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары (ҚЕХС) бойынша қаржылық есептілікті талдау - 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, қаржылық есеп 1,2, статистика, ҚЕХС

Соңғы деректер: жоқ

Мақсаты: студенттерге ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті талдау жөнінде толық білім қалыптастыру.

Курстың қысқаша мазмұны: ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті талдау – ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың негізі ретінде. ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті талдаудың негізгі инструменттері. баланстың активтері мен пассивтерін талдау. Пайда және зиян жөніндегі есептілікті талдау. Ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есептілікті талдау. Капиталдағы өзгерістерд жөніндегі есептілікті талдау. Қаржылық тұрақтылық және қаржылық коэффициенттерді талдау. Төлемқабілеттілік және өтімділікті талдау. Кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен іскерлік белсенділігін талдау. Қаржылық есептілікті талдауда баға өзгерістерінің әсерін есепке алу. Қаржылық есептілікті талдау нәтижелерін бюджеттеуде қолдану. Қаржылық есептілікті талдауда компьютерлік бағдарламаларды қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

а) студенттердің алатын білімі. ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті талдаудың маңызын, талдаудың кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсерін, қаржылық есептілікті талдаудың негізгі инструменттерін;

- кәсіпорынның қаржылық есеп формаларын талдауды үйрену;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, төлем қабілеттілігін, кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен іскерлік белсенділігін талдауды;
- қаржылық есептілікті талдауда баға өзгерісінің әсері есебін;

Қаржылық есептілікті талдау үшін компьютерлік бағдарламаларды қолданып

б) студент қолдана білу керек. ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті талдаудың теориялық негіздерін;

- ҚЕХС бойынша кәсіпорынның қаржылық есеп формаларын талдауды жүргізу;

- қаржылық талдау арқылы кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, төлемқабілеттілігін, іскерлік белсенділігін анықтау;
- қаржылық есептілікті талдау нәтижесін бюджеттеу үрдісінде қолда білу;
- в) **студент игеруі керек.** ҚЕХС бойынша қаржылық есептілікті талдау үшін теориялық білімді;
- кәсіпорында қаржылық құжаттармен дұрыс жұмыс жасап және оны талдай білу;
- қаржылық есептілікті талдау арқылы алға қарай кәсіпорынның қаржылық перспективасына болжам жасай білу;
- г) **студенттің құзырлығына сай болуы керек:** кәсіпорында қаржылық талдауды жүргізіп білу;
- ҚЕХС бойынша қаржылық есептілік формаларын талдап, бағалап білу;
- Қаржылық есептілікті талдау арқылы, кәсіпорынның төлем қабілеттілігін, қызметінің тиімділігі мен іскерлік белсенділігін талдап, бюджет жасап білу;

Кәсіпкерліктегі қаржылық есептілікті талдау- 6 кредит

Алдыңғы деректер: Бухгалтерлік есеп негіздері, статистика, қаржылық есеп 1,2, ҚЕХС

Соңғы деректер: жоқ

Мақсаты: Қазіргі заманғы қаржылық есептіліктің қажетті базалық ақпараттарын алу және оның құрылымының тәжірибелік принциптерімен танысу; қаржылық есептіліктің түрлі формаларын дайындаудың ерекшелігін түсіну, талдамалы жұмыстар жүргізу барысында тәжірибелік машықтану, кәсіпкерліктегі кәсіпорынның қаржылық жағдайын бағалау инструменттерін қолдануға машықтану.

Құрстың қысқаша мазмұны: бухгалтерлік (қаржылық) есептілік кәсіпкерліктегі ұйымдардың қызметін қаржылық талдаудың негізгі ретінде. Кәсіпкерліктегі бухгалтерлік (қаржылық) есептілікті талдаудың негізгі инструменттері. Бухгалтерлік баланс және оны талдау. Пайда және зиян жөніндегі есептілікті талдау. Ақша қаражаттарының қозғалысы жөніндегі есептілікті талдау. Капиталдағы өзгерістер жөніндегі есептілікті талдау. Қаржылық тұрақтылық және қаржылық коэффициенттерді талдау. Қаржылық есептілікті талдауда баға өзгерістерінің әсерін есепке алу. Қаржылық есептілікті талдау нәтижелерін бюджеттеуде қолдану. Кәсіпкерлікте шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасаудың ерекшеліктері. Бизнес жоспарлау жасауда қаржылық есептілікті талдау нәтижелерін қолдану. Кәсіпкерліктегі қаржылық есептілікті талдауда компьютерлік бағдарламаны қолдану.

Күтілетін нәтижелер:

а) **студенттердің алатын білімі.** Оқыту нәтижесінде студент кәсіпорынның қаржысының құрамын, оны ұйымдастыру мен қызмет етуін, кәсіпкерліктегі қазіргі заманғы қаржылық есептілік формаларын, есептілік құру принциптерін, кәсіпорынның қаржылық-экономикалық қызметінің негізгі көрсеткіштерін білуі қажет.

б) **студент қолдана білу керек.** Кәсіпкерліктегі талдамалық міндеттерді шешу үшін қазіргі заманғы техникалық құралдарды қолдана білуі қажет.

в) **студент игеруі керек.** Іздеу, жинақтау, жүйелеу және ақпараттарды қолдана білу; қаржылық процестерді талдаудың маңызды әдістерін, маңызды қаржылық көрсеткіштер мен коэффициенттерді есептеу әдістерін, кәсіпкерліктегі ақпараттық көздермен жұмыс жасау тәсілдерін игеруі тиіс

г) **студенттің құзырлығына сай болуы керек.** Пәнді оқып үйрену нәтижесінде студент кәсіпкерлікте түрлі экономикалық есептеулерді жүзеге асыру үшін әртүрлі ақпараттық көздерін қолданып, оларды талдауға құзырлы болуы қажет.

Элективті пәндердің каталогі «Экономика, менеджмент және бухгалтерлік есеп» кафедрасының отырысында талқыланды

Хаттама № « 10 » « 25 03 » 2019 ж.

«ЭМжБЕ» кафедрасының
меңгерушісі



Э.ғ.д., профессор Баймухашева М.К.